

Жалпы тепе-теңдік және экономикалық тиімділік

Тақырыптың мақсаты:

жалпы тепе-теңдіктің қалыптасуын талдау, игіліктер мен ресурстарды бөлудің тиімділігін қамтамасыз ету, қоғамдағы тиімділікті және әлауқаттылықты, сондай-ақ, әлеуметтік әділеттілік сияқты мәселелерді талқылау.


Дәріс жоспары:

1. Жалпы тепе-теңдікті талдау.
2. Айырбас тиімділігі. Эджуорт қорабы.
3. Өндіріс тиімділігі. Эджуорт қорабындағы өндіріс.
4. Жалпы тепе-теңдік және экономиканың әл-ауқаттылығы.

Негізгі ұғымдар: жеке тепе-теңдік; жалпы тепе-теңдік; кері байланыс әсері; «Аукционист» моделі; ресурстарды тиімді қолдану; Парето-тиімді бөлу; әл-ауқаттылық экономикасы; «Эджуорт қорабы» моделі; бәсекелі нарықтық тепе-теңдік – Вальрас тепе-теңдігі; келісімдер жасау қисығы; қол жетімді (мүмкін) пайдалылық қисығы; қоғамдық талғамсыздық қисықтары; әл-ауқаттылық экономикасының теоремалары; әлеуметтік әділеттілік; әділеттіліктің сипаттамалары; өндірістік келісімдер қисығы; «бірінші ең жақсы бөлу» принципі; «екінші ең жақсы бөлу» принципі – квазиоптимум; т.б.

Жеке тепе-теңдік – бұл жеке алынған нарықтың тепе-теңдігі, ол осы нарыққа қатысушы субъектілердің өзара әрекеттерінің нәтижесі болып табылады, және бұл жерде сол субъектілердің қалыптасқан жағдайды өзгертуге деген ынталары болмайды.





Жеке нарықтық тепе-теңдік нарықтық экономиканың әрекет ету сипаты туралы шектеулі ғана түсінік береді, яғни өзінің табиғаты бойынша толық емес болып табылады.

- ол нарықтардың арасындағы өзара байланыстарды және олардан туындайтын салдарларды сипаттамайды.
- бұл жерде кез-келген нарыққа тән кері байланыс есепке алынбайды.
- жеке тепе-теңдік нарық субъектілерінің бір уақытта қабылдайтын шешімдерінің көптүрлілігін есепке алмайды.

Бірақ, микроэкономикада жалпы тепе-теңдік деген ұғым бар, яғни барлық нарықтық жүйенің тепе-теңдік жағдайы, бұл барлық нарықтарда (игіліктер нарығы мен ресурстар нарығында) тепе-теңдіктің бір уақытта орындалуы деп түсіндіріледі.

Микроэкономикада барлық тауарлық нарықтар бір жағынан, ресурстар нарығымен байланысты, ал екінші жағынан, ресурстардың көмегімен өндірілген игіліктерге деген сұраныспен байланысты. Шындығында, еңбек нарығы мен төлем қабілеттілігі бар сұраныс тауарлар мен қызметтер нарығын байланыстырады: егер бір тауарға сұраныс өссе, онда басқа бір тауарға деген сұраныс қысқаруы мүмкін. Бұл ресурстар нарығына да байланысты, әсіресе, бұл құбылыс әр түрлі мамандықтар бойынша сипатталатын еңбек нарығына тән. Жалпы тепе-теңдік моделінің көмегімен жекелеген нарықтардың бір-біріне қалай әсер ететіндігі туралы қарастыруға болады.

Жеке төрт нарықты алып қарастырайық: технологиялық жағынан бір-біріне байланыссыз екі салалық нарық, мысалы, тұрғын үй нарығы мен автомобильдер нарығы,

° сондай-ақ,

еңбек нарығының екі түрі – құрылысшылар нарығы мен автомобиль құрастырушылар нарығы.

Барлық нарықтар тепе-теңдік жағдайда деп ұйғарамыз.



Айталық, экономикада құрылыс қарқыны басталды: тұрғын үйге сұраныс күрт өсті, бұл құрылысты арттырады және құрылысшыларға деген сұранысты да арттырады. Тұрғын үй нарығындағы сұраныстың артуы мен бағаның өсуі автомобиль нарығындағы сұранысты төмендетеді. Бұның салдарынан, автомобиль құрастырушылардың еңбегіне деген сұранысты төмендетеді, яғни, олар енді біртіндеп жалақысы өскен құрылысшылар нарығына ағыла бастайды. Сонымен, қарастырып отырған нарықтарда келесідей параметрлер орын алады. Тұрғын үй құрылысы нарығында сұраныс өсті және бағалар да өсті. Осыған байланысты еңбек нарығының сегментіне, яғни құрылысшыларға сұраныс та, жалақы да өсті. Ал автомобиль нарығында сұраныс төмендейді және жалақының да төмендеуі байқалады.


Бағаның өсуінен құрылыс фирмаларының ұсынысы кеңейеді. Жұмыс уақытының артуынан және басқа салалардан жұмысшылардың келуі есебінен құрылысшылардың еңбегіне де ұсыныс өседі. Ал автомобиль нарығында баға төмендегендіктен өндірушілер өндіріс көлемін қысқартады. Міне, бұл нарықтарда осындай жаңа тепе-теңдіктің параметрлері орнайды. Бұл жағдай құрылыс қызметі нарығындағы өскен ұсыныс өзінің сұранысын толық қанағаттандырғанша және баға тепе-теңдіктен төмендегенше дейін жалғаса береді. Керісінше, енді автомобиль нарығындағы төмендеген ұсыныс пен төмен бағалар келесі жаңа кезеңде сұранысты арттырады және сәйкесінше, автокөліктің бағасын өсіреді. Сондай-ақ, автомобиль құрастырушы мамандарға деген сұраныс та арта бастайды. Нәтижесінде, қарастырылып отырған нарықтар қайтадан бастапқы тепе-теңдік жағдайға қайтып келеді. Сұраныс, баға және ұсыныс жалпы тепе-теңдіктің жаңа параметрлері орнағанша дейін кері бағытта өзгере береді.

Бұл идеяны, яғни, жалпы тепе-теңдік теориясын алғаш рет швейцар экономисі Леон Вальрас (1834 - 1910) ашқан. Ол өзінің белгілі «аукционист моделі» арқылы жалпы тепе-теңдікті белгілі бір қағидаларға сүйене отырып сипаттайды.

«Аукционист» - бұл нарықты тиімділікке жетелейтін автоматты өзін-өзі реттеу механизмі.




Әл-ауқаттылық экономикасы теориясының пәні экономикалық оптимум моделін жасау және экономикалық жүйенің тиімділігі мен ресурстарды тиімді бөлудің әділеттілігі арасындағы арақатынастың мәселелерін шешу болып табылады. Қоғамның әл-ауқаттылығын максималдаудың мүмкіндіктерін зерттеуде «Эджуорт қорабы» деген модель қарастырылады. Бұл модель екі субъектінің пайдалылықтарын сипаттайтын диаграмма болып табылады және ол экономикалық игіліктердің тиімді бөліну шартын анықтауға көмектеседі, яғни экономикалық игіліктерді өзара айырбастау кезінде субъектілердің пайдалылығы максималды деңгейге жетеді деп тұжырымдалады.




Екі қоғамдық топты сипаттайтын Болат пен Салтанат деген екі тұтынушының арасындағы екі тауармен айырбас жүргізу моделін мысал ретінде қарастырайық. Суретте бір – біріне қарап тұрған координаттардың екі жүйесі көрсетілген, олардың осьтері тіктөртбұрышты құрайды. Тіктөртбұрыштың оң жақ жоғарғы бұрышы – Ос координат жүйесінің басы, бұл жүйеде Салтанаттың талғамсыздық қисықтарының картасы орналасқан. Тіктөртбұрыштың сол жақ төменгі бұрышы – Об координата жүйесінің басы, бұл жүйеде Болаттың талғамсыздық қисықтарының картасы орналасқан. Горизонталды осьте А тауары (нан) және вертикалды осьте Б тауары (шоколад) көрсетілген, сәйкесінше, А тауарының саны 10 дана және Б тауарының саны 6 дана болсын. Айталық, бастапқыда игіліктер А нүктесі арқылы бөлінеді, яғни Болатта 7 дана нан және 1 дана шоколад бар (сондықтан, ол наннан гөрі шоколадты жоғары бағалайды). Дәл сол нүктеде, Салтанаттың қолында 3 дана нан және 5 дана шоколад бар (оның қолында шоколад көп, сондықтан ол Болатқа қарағанда нанды жоғары бағалайды). Бұл нүктеде тұтынушылардың алмастырудың шекті нормалары (MRS) сәйкес келмейді. $MRSC = 3$, $MRSB = \frac{1}{2}$, бұл өзара пайдалы келісімдер жасауға мүмкіндік береді. UC1 және UB1 талғамсыздық қисықтары А нүктесінде қиылысады. Бұл нүкте өзара пайдалы келісімдер ауданы (суреттің боялған бөлігі) болып табылады. Бірақ, әрбір өзара пайдалы келісімдер кезінде игіліктер тиімді түрде бөліне бермейді.

Мысалы, В нүктесінде де келісім өзара пайдалы болып табылады (Болат қосымша бір шоколадқа ие болады, ал Салтанат өзіне қажет қосымша нанға ие болады). Бірақ, талғамсыздық қисықтары бұл нүктеде де қиылысады, алмастырудың шекті нормалары (MRS) тең емес. Игіліктерді тиімді бөлудің шарты айырбасқа қатысушылардың MRS теңдігі болып табылады, нәтижесінде контрагенттердің әл-ауқатын олардың біреуінің жағдайын төмендетпей жақсартуға болмайды, яғни игіліктерді Парето – тиімді бөлу шарты орындалу қажет. Ол тиімді бөлу шартын суреттегі С, D және E нүктелері сипаттайды, бұл нүктелерде талғамсыздық қисықтары бір-бірімен жанасады және олардың көлбеулері бірдей. Сәйкесінше, $MRSC = MRSB$. Бұл ереже көптеген тауарлармен алмасушы көптеген тұтынушыларға тән: айырбасқа қатысушы тұтынушылардың тауарлардың кез-келген жұптарының MRS – тері бірдей, яғни тең болғанда ғана ресурстар немесе игіліктер тиімді бөлінеді. Сонымен, айырбасқа қатысушы барлық субъектілердің біруақытта тепе-теңдік жағдайға келуі тиімді келісім – шарт жасаумен сипатталады:

$$MRSC_{\text{шок., нан}} = (P_{\text{шок.}} / P_{\text{нан}}) = MRSB_{\text{шок., нан}}$$



Қол жетімді пайдалылық қисығы (сурет) қоғамның екі мүшесі (Салтанат пен Болаттың) арасында игіліктердің Парето бойынша тиімді бөлінуі кезінде жүзеге асырылатын пайдалылықтардың барлық нұсқаларын көрсетеді. Координат басынан ойыс орналасқан біз үшін жаңа қисықтар – бұл қоғамдық талғамсыздық қисықтары, немесе әл-ауқаттылықтың теңдігін сипаттайтын қисықтар болып табылады. Қоғамдық талғамсыздық қисықтары жеке талғамсыздық қисықтары қоғамның әл-ауқаттылық деңгейіне сәйкес келетін әр түрлі әлеуметтік топтардың пайдалылықтарының барлық комбинациясын көрсетеді, сондықтан бұл қисықтар қоғамның бірдей қолайлы пайдалылықтарын көрсетеді.



Әл – ауқаттылық экономикасы деп біз қоғамның әл-ауқаттылығын арттыруды қамтамасыз ететін ресурстардың автоматты түрде тиімді бөлінуіне мүмкіндік беретін механизмге жүгінетін шаруашылық жүйесін түсінеміз. Әл – ауқаттылық экономикасының теориялық негіздерін алғаш рет ағылшындық экономист Артур Пигу (1877 - 1959) енгізген.

Қоғамдық әл-ауқаттылықты максималдау мәселесімен байланысты әл-ауқаттылық экономикасының екі теоремасы бар.


Әл-ауқаттылық экономикасының бірінші теоремасы бәсекелі тепе-теңдік жағдайында ресурстардың бөлінуі Парето бойынша тиімді бөлінеді деген қағидаға негізделеді.

Әл-ауқаттылық экономикасының екінші теоремасы игіліктердің әрбір тиімді бөлінуі тұтынушылардың тиімді таңдау нүктелерін қамтамасыз ететін игіліктер бағаларының жиынтығы кезіндегі соңғы бәсекелі тепе-теңдікті көрсетуі керек деген қағидаға көңіл аударады.

Бұған дейін біз тұтынушылардың арасындағы игіліктерді бөлудің тиімділігін қарастырдық. Бірақ бұл тиімділік экономиканың жалпы тиімділігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болып табылады. Ол үшін

- өндірушілер де игіліктерді тиімді бөлумен айналысулары қажет.

Өндіріс факторларының тиімді қолданылу шарттарын қарастыру үшін тағы да «Эджуорт қорабын» пайдалануға болады



Координаттардың бір-біріне қараған осьтерінде нан мен шоколадты өндірудің факторлары орналасқан. Диаграмманың әрбір нүктесі осы екі тауарды өндіруге қажетті еңбек пен капитал шығындарын көрсетеді.

- Тепе-тең нүктелерде өндірушілер өз шығындарын минималды деңгейге жеткізеді, еңбек пен капиталдың шекті өнімділіктерінің қатынастарымен олардың бағаларының қатынастары теңеседі:

$$MP_l / MP_k = P_l / P_k$$

Яғни, өндіріс факторлары мына теңдік жағдайында тиімді қолданылады:

$$MRTS_{kl} = P_l / P_k$$

Бірақ тиімді өндіру үшін тауарлар тұтынушылар төлей алатындай мөлшерде өндірілуі қажет. Сондықтан да, тиімді өнім өндірудің қажетті шарты орындалу үшін алмастырудың шекті нормасы мен өндіріс факторларын технологиялық алмастырудың шекті нормалары теңестірілуі қажет:

$$MRS = MRST$$

Бұл экономикадағы оптималдылық жағдайды көрсетеді. Барлық тұтынушылар мен өндірушілер үшін бұл теңдіктің орындалуын қамтамасыз ету, яғни бұл барлық қоғамның әлауқаттылығын нақты оптималды деңгейге жеткізетін «бірінші ең жақсы бөлу» деп аталады:

$$\Sigma MRS = \Sigma MRTS$$

Бірақ бұл теңдікке жету қиын: қазіргі заманғы нарық жетілмеген бәсеке жағдайында жұмыс істейді және көптеген қиындықтарға тап болады.



Үйге тапсырма:

Тақырып бойынша мысалдарды, жаттығуларды, есептерді, ситуацияларды, т.б. тапсырмаларды орындау:

1. Айталық, экономикада мұнайдың бағасы өсті. Бұл жағдайдың орын алуы автомобиль нарығына және электрэнергиялар нарығына қалай әсер етеді? Жалпы қоғамның әл-ауқатына қалай әсер етеді? Бұл жерде туындайтын кері байланыс әсерлерін сипаттаңыз?



Назарларыңызға рахмет!